

№3 «Алтын-Орда Шұғыла» балабақшасы және  
мектепке дейінгі мекемесі

“Диплом алдындағы тәжірибе жинақтау”  
тақырыбы бойынша “Байқау және бақылау”  
тәжірибе жинақтау барысында өткізілген ашық оқу  
қызметтерінің тізбегі

Машықтанушы: Тұмырза Ж.А.



Білім беру саласы  
«Коммуникация»

Ұйымдастырылған оқу қызметі:  
«Сөйлеуді дамыту»


**Тақырыбы:** «Ас атасы-нан»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Нан-ас атасы екендігі туралы айта отырып, нанның дастарханға қалай келетіні туралы түсінік беру.

**Дамытушылық:** Танымдық қызығушылықтарын арттыру.

**Тәрбиелік:** Нанды қадірлеп, қастерлеуге баулу.



***Әдіс-тәсілдер:*** көрсету, сұрақ-жауап,  
әңгімелету, сергіту сәті, ойын.

***Билингвалды компонент:*** Нан-хлеб-bread,  
ұн-мука-flour, бидай-зерно-corn.



**Қажетті құрал-жабдықтар:** АКТ,  
нанның суреттері, таратпа материалдар,  
нан түрлері.



## **Күтілетін нәтиже:**

**Нені білді:** Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын білу.

**Нені игерді:** Нанды қастерлеу керектігін түсіну.

**Нені меңгереді:** Өз бетінше әңгіме құрастырып, оны айта білуді.





Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі:  
«Жаратылыстану»



**Тақырыбы:** «Еңбек түбі береке»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балалардың еңбек түрлері туралы білімдерін кеңейту. Еңбек құралдары арқылы еңбек ету дағдысы мен машығын қалыптастыру. Еңбек ете білудің пайдасын ұғындыру.


**Дамытушылық:** Балалардың дүниетанымын кеңейту. Еңбек ету қабілетін арттыру арқылы баланың дене қимылын дамыту.

**Тәрбиелік:** Балаларды ұжым болып еңбек етуде татулыққа, достыққа шақыра отырып, бастаған істі тиянақты аяқтауға тәрбиелеу.

***Әдіс-тәсілдер:*** әңгімелесу, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету.

***Билингвизм:*** Еңбек-труд-work.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** суреттер,  
иллюстрациялы материалдар,  
дидактикалық ойындарға арналған  
көрнекіліктер.



## **Күтілетін нәтиже:**

**Нені білуі керек:** Еңбек түрлерін, еңбек құралдарының ерекшеліктерін.

**Нені игереді:** Әңгіме құрастыру барысында жаңа сөздерді дұрыс қолдануды.

**Нені біледі:** Еңбек ете білуді, бастаған істі тиянақты аяқтауды.





Білім беру саласы:  
«Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі:  
«Сурет салу»

**Тақырыбы:** «Әдемі көбелек»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балалардың қылқаламмен дұрыс жұмыс жасай білу

дағдыларын қалыптастыру, әртүрлі түстерді дұрыс қолдана білу

тәсілдерін үйрету.

**Дамытушылық:** Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Тәрбиелік:** Ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.

***Әдіс-тәсілдер:*** Көрсету, сұрақ-жауап,  
түсіндіру, сергіту сәті, ойын.

***Билингвизм:*** Көбелек-бабочка-  
butterfly.





**Қажетті құрал-жабдықтар:** үлгі, су,  
бояу, қылқалам, сүлгі, көбелектің  
суреттері.



## **Күтілетін нәтиже:**

**Нені білуі керек:** Көбелектер туралы жалпы мағлұмат, сан алуан түстердің атауын.

**Нені игереді:** Еркін түрде түстерді таңдауды.

**Нені біледі:** Сұрақтарға толық жауап беруді.





Білім беру саласы  
«Коммуникация»

Ұйымдастырылған оқу қызметі:  
«Көркем әдебиет»

**Тақырыбы:** «Көктем»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар, өсімдіктер мен жануарлардағы маусымдық өзгерістер, адамдардың көктемдегі пайдалы іс-әрекеттері туралы мағлұмат беру.


**Дамытушылық:** Үлкендер еңбегін бақылау арқылы бағалай білу, бақылағандарын есте сақтай білу дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік:** Еңбексүйгіштікке, табиғатқа деген қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

***Әдіс-тәсілдер:*** көрсету, сұрақ-жауап,  
әңгімелету, сергіту сәті, ойын.

***Билингвалды компонент:*** Көктем-  
весна-spring, бәйшешек-  
подснежник-snowdrop, шөп- трава-grass,  
құстар- птицы-birds.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** АКТ,  
көктем мезгіліне байланысты суреттер,  
таратпа материалдар, видео-роликтер.



## **Күтілетін нәтиже:**

**Нені білді:** Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атай білуді.

**Нені игерді:** Көктем мезгілі жайлы толық түсініктерді, табиғат құбылыстары жайында, құстар мен жәндіктер жайында мағлұматтарды.

**Нені меңгереді:** Тапсырманы дұрыс орындауды, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруді.





Назарларыңызға  
рахмет!